

8D01301-«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Сармантаев Аян Сапаровичтің «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына берілген ғылыми жетекшінің

ШКІРІ

Бүгінгі күні қоғамда болып жатқан жаһандық өзгерістер білім беру жүйесінде де жаңаша көзқарас пен көкейтесті бағыттарды талап етуде. Зайырлы қоғамда ертеңіне сенімді ұрпақ тәрбиелеу, заманауі білім берудің өзекті мәселесі болып табылады.

Сондықтан, заманымызға сай дені сау, денсаулығы мықты, ой-өрісі жоғары, дене бітімі жан-жақты және дұрыс жетілген, саналы ұрпақ қалыптастыру, еліміздің алға қойған басты міндеттерінің бірі. Яғни, мектеп табылдырығын жаңа аттаған төменгі сынып оқушыларының тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін фактордың бірі болып саналатын дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты – ұлттық-қозғалмалы ойындарының білім беру мен тәрбиелеудегі маңызын түсіне білуіміз керек.

Ол үшін денешынықтыру сабақтарында пайдаланылатын ұлттық-қозғалмалы ойындарды дұрыс кіріктіре біліп, оқушылардың спорттық шеберліктері мен дене әлеуеттерін арттырып, сонымен қатар өз жері мен елін қорғай алатын ұлтжанды, ұлттық намысы мол жігерлі тұлғаларды тәрбиелеу керек. Олардың қимыл-қозғалыс біліктіліктері мен дағдыларын, танымдық белсенділіктерін қалыптастыруды ұлттық-қозғалмалы ойындарды ойнату мен үйрету арқылы жоспарланған міндеттерді жүзеге асыру жолдарын қарастыру керек.

Қазіргі заманғы әртүрлі типтегі оқу орындарының алдына оқудағы белсенділік қағидасын іске асыру, білім алушылардың қабілеттерін анықтау және дамыту, олардың мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандыру, тек білім алу мен дағдыларды қалыптастыру емес, сонымен қатар оқушылардың танымдық белсенділіктерін дамыту мақсаттарын өзіне міндет етіп жүктейді.

Осыған орай, автор танымдық белсенділікті дамыту мәселесі педагогикадағы басым міндеттердің бірі болып саналатындығын анықтап, оған психологтардың, философтардың әртүрлі зерттеулерінде, ғылыми трактаттарында берілген көптеген түсіндірмелер, нақтылаулар, көзқарастар, уақыт өте келе педагогиканың өзекті проблема екендігіне көз жеткізді.

Сармантаев А.С. орындаған зерттеуде, дене шынықтыру сабағында, ұлттық ойындар арқылы балалардың денсаулығын қалыптастыру, олардың ағзасының толыққанды дамуы — қазіргі қоғамдағы негізгі проблемалардың бірі деп негіздеген.

Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сондай-ақ, мектеп оқушыларында қазақтың ұлттық спортына деген көзқарас

қалыптастырып, дене жаттығулары мен ойындарын өз беттерінше дамытуға тәрбиелеу, адамгершілікке баулу.

Педагогика ғылымының теориясы мен практикасын зерделеу нәтижесінде, автор бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру жүйесін жасауға негіз бола алатын теориялық-әдіснамалық негіздерінің ашылмағандығы және зерттелетін проблеманың кәсіби маңызды аспектілерінің жеткілікті деңгейде анықталмағандығына көз жеткізген.

Солардың бірі - бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру мәселесін ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан зерделеу. Осы орайда, зерттеу жұмысының қажеттілігі және өзектілігі көрінеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

- бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалды;

- бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың моделі құрастырылды;

- бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың мазмұны анықталды;

- бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың формалары мен әдістері таңдалды;

- дене шынықтыру сабақтарында ойналатын ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы жалпы білім беру мектептерінің бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастырудың формалары мен өткізу әдістерінің тиімділігі эксперименттік-тәжірибелік жұмыстар арқылы тексерілді және нәтижесінде ғылыми-әдістемелік ұсынымдар жасалды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру бойынша «Ұлттық қозғалмалы ойындар» атты элективті курс бағдарламасы құрастырылып, мұғалімдерге арналған «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» атты электронды оқу құралы әзірленді. Зерттеу нәтижелерін модульдік технология негізінде жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сынып және дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне білім алушылардың білім деңгейі мен қызығушылықтарын арттыру барысында әдістемелік құрал ретінде қолдануға және педагог мамандарының біліктілігін арттыруда қолдануға болады.

Диссертацияның барлық бөлімдері бір - бірімен байланысты және оны жазу барысында ішкі бірлігі сақталған. Жұмыс тақырыптың өзектілігін, оның зерттелу деңгейі мен жағдайын, зерттеу мақсаты мен міндеттерін анықтаудан басталып,

содан кейін зерттеу нәтижелері мен қорытындылары беріліп, зерттеу болжамы мен қойылған міндеттердің шешімдерімен аяқталады.

Атап өтетін бір жайт, ол дене шынықтыру сабақтарында өткізілетін ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастырудың формалары мен әдістерінің тиімділігі яғни оқушылардың танымдық белсенділіктерін қалыптастыру үшін ұйымдастырылған педагогикалық әдіс-тәсілдер мен педагогикалық іс-шаралар (сайыстар, танымдық тапсырмалар, үйірме) оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, білімі мен қабілетін шыңдады. Автор тарапынан дәстүрлі емес, жаңа сипаттағы сабақтар (модульдік, ойын технологиясы) сабақтан тыс шаралар (Асық үйірмесі) өткізілді. Соның нәтижесінде, жеке, ұжымдық оқыту формаларын қолдану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың арнайы әдістемесі жасалынды.


Эксперименттің нәтижесі көрсеткендей бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында қолданылатын ұлттық қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыруға «Ұлттық қозғалмалы ойындар» элективті курсы ықпал етуі мүмкін екені дәлелденді. Өз кезегінде жүргізілген зерттеу жұмыстың нәтижелерін саралай келе, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыруда, диссертация авторына қажетті ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді.

Ізденушінің ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мазмұны халықаралық, республикалық, ғылыми-практикалық конференциялар мен әр түрлі ғылыми басылымдарда жарық көрген еңбектерінде қамтылған. Соның ішінде 1 мақала Скопус базасына енген ғылыми журналдарда.

Қорыта келе, Сармантаев Аян Сапараовичтің «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы дәйекті, практикалық құндылығы жоғары және жан-жақты зерттелген, аяқталған жұмыс болып саналады. Ал автордың өзі, 8D01301 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін лайық деп есептеймін.

Ғылыми жетекші:

Академик Е.А.Бөкетов ат.Қарағанды университеті бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының профессоры, п.ғ.к., философия докторы Ph.D.



Ишанов П.З.

ҚОЙЫЛҒАН ҚОЛДЫ РАСТАЙМЫН

В.ф. еңеу.тн
Машаев 9 м. еңеу

